


ПОРТФОЛИО



**Дайрбекова Айнур
Избасаровна**

**«Таң» бастауыш білім беретін мектеп
Ағылшын пән мұғалімі**



**«Таң» бастауыш білім беретін
мектебі**



***Дайрбекова
Айнур
Избасаровна***

Туылған жылы: 18.06.1983ж

**Бітірген оқу орны: Халықтар Достығы
университеті**

Пед өтілі: 11 жыл

**Шығармашылық тақырыбы: Оқушылардың
логикалық ойлау қабілетін дамыту және
пәнге деген қызығушылығын арттыру.**

Санаты –II санат

**«Таң» бастауыш білім беретін мектебі
Ағылшын пән мұғалімі**

Ұстанымым

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




*Мемлекеттік білім беру
жүйесін әлемдік үздік үлгіге
сәйкес деңгейге көтеруге
атсалысып, адам - білім үшін
емес, білім - адам үшін деген
оқу-тәрбие процесін
ізгілендіру.*



Менің мақсатым


РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Еліміздің әлеуметтік
экономикасының
дамуына өзіндік үлес қоса
алатын, өзіндік ой-пікірі
бар, жан-жақты дамыған
білімді де, білікті
тұлғаны дайындап,
тәрбиелеу

Менің мақсатым

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



**Жас ұрпақты өзінің рухани-
адамгершілік, интеллектуалдық
өмірі мен өз денсаулықтары үшін
әлеуметтік құзыреттілік пен
жауапкершілігін көтеруді
ұйымдастыруға ықпал етіп, жеке
тұлғаның жан-жақты даму
үндестігі дәрежесіне ие болып, өмір
бойы білімін арттыруына және
өзін-өзі табысты көрсетуіне
жағдай жасау.**




Білімін анықтайтын
құжат

ДИПЛОМ



Кәсіби өсу құжаттары

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Мен ұстазбын!!!



**ҰСТАЗ ... ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ӨЗІНЕ
АЙТЫЛҒАННЫҢ БӘРІН ЖЕТЕ ТҮСІНГЕН,
КӨРГЕН, ЕСТІГЕН ЖӘНЕ АҢҒАРҒАН
НӘРСЕЛЕРДІҢ БӘРІН ЖАДЫНДА ЖАҚСЫ
САҚТАЙТЫН, БҰЛАРДЫҢ ЕШ НӘРСЕНІ
ҰМЫТПАЙТЫН ... АЛҒЫР ДА,
АЛҒАРЫМПАЗ,
АҚЫЛ ИЕСІ, ... МЕЙЛІНШЕ ШЕШЕН,
ӨНЕР БІЛІМГЕ ҚҰШТАР, АСА
ҚАНАҒАТШЫЛ,
ЖАНЫ АСҚАҚ ЖӘНЕ АР НАМЫСЫН
АРДАҚТАЙТЫН,
ЖАҚЫНДАРЫНА ДА, ЖАТ АДАМДАРЫНА
ДА ӘДІЛ,
ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ... ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН
ІЗГІЛІК
КӨРСЕТІП ҚОРҚЫНЫШ ПЕН
ЖАСҚАНУ
ДЕГЕНДІ
БІЛМЕЙТІН БАТЫЛ,
ЕР ЖҮРЕК БОЛУ КЕРЕК.**

ӘЛ - ФАРАБИ



Эссе

Мен мұғаліммін!

Мен – замануи мұғалімін

Бүгінде жас маман ретінде заман талабына сай жаңа адамды қалыптастыру, тәрбиелеп өсіру басты мақсатым деп білемін. Осы орайда замануи ұстаз қандай болу керек деген сауал туындайды. Замануи ұстаз – жаңашылдыққа талпынған, зерттеуші, өз-өзіне сенімді, жан-жақты, жаңа ұрпақтың қызығушылығын түсіне білетін жетекші. «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі... , мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - деген ұлы ойшыл Әл-Фараби бабамыздың ұстаз бойынан табылуы керек қасиеттерін оқи отыра, нағыз ұстаздың бейнесін тани аламыз.

Техника мен ғылым қарыштап дамыған заманда, адам санасы жоғарылап, талғамы артқан ғасырда жаңа мектепке, жаңа заманда ұстаз қандай қасиетке ие болуы керек?. Әрине бүгінгі таңда әр оқушының жүрегіне жол таба білу, әрбір үйдің еркесіне өзін тыңдата білу, зейінін арттырып, сабаққа ынтасын ояту – әрбір ұстаздың басты міндеті. «Заманына қарай адамы» демекші заманауи оқушыларды заман талабына сай оқыту үшін, бүгінде ұстаз жаңашыл ойлы, техника мен бағдарламаны жетік меңгерген, жан-жақты сауатты болуы керек. Қазіргі таңда ұстаздарға арналған түрлі курстар мен тренингтер бірден-бір көмек. Осының барлығы ұстаздардың игілігі үшін, мемлекетіміздің білім сапасын арттыруға жол ашады. Бұл заман талабы. Себебі бүгінгі оқушыларды ескі жаттық әдіспен ғана оқыту қиынырақ әрі қызықсыз болары сөзсіз. Жаңаша жабдықталған заманауи мектептерде жан-жақты, қызметке бейімді, ұйымдастырушылық қабілеті бар ұстаз болуы керек.

Бүгінде оқу тәрбие ісінде өз-өзін әрдайым жетілдіріп, жаңашылдықпен қатар адамгершілік қасиеттерді де ұмытпай, оқушы бойына сіңіре білген ұстаз – нағыз ұстаз. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Әрбір оқушы ол жеке бір тұлға ретінде саналады. Сондықтан да баланы жастайынан мейірімділік, қамқорлық, ізгілік қасиеттері мен өз-өзіне деген сенімділікті арттыру қажет. Ұстаз болу менің бала кезімдегі арманым еді. Осы тұста бастауыш мұғалімі ретінде мен жас балаларды оқуға деген құштарлығын көре тұра, мейлінше сабақты дәстүрлі емес түрде өткізуге тырысамын. Сабақ өтімді болу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Мысалы, «джигсо» әдісі, «блум таксаномиясы», «БжС (БиС) технологиясы», «бес саусак» әдісі және т.б. Оның ішінде БжС технологиясының өзіндік бір ерекшелігі бар. Яғни бұл технологияның арқасында оқушылардың зейіні де, көшбасшылық қабілеті де, проблеманы өздігінен шешуге тырысады. Ең бастысы оқушылар өздерінің әділ бағаланатындарына үйренеді. Осындай әдіс-тәсілдер бүгінде ұстаздың бірден-бір көмекші құралына айналады.

Ұстаздық жол ауыр болса да, сол жолда талмай еңбек етудің арқасында биік белестерге жетуге болады. Қарыштап дамыған мемлекеттермен тереземіз тең болу үшін ең алдымен білімді, саналы, бәсекеге қабілетті бола білетін жаңашыл ұстаздардың қатары мол болса, бұл үлкен қуаныш болатыны хақ. Ал ондай ұстаздардан міндетті түрде сенімін ақтайтын, елдің болашағы үшін еңбек ететін жас ұрпақтың болары сөзсіз. Елбасымыз жолдау жолдап, жастарға үлкен сенім артқан еді. Түрлі мүмкіндіктер жасады. Сондықтан жаңашыл болу, жан-жақты болу да біздің қолымызда. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерді осы заман талабына сай құру ұстаздардың міндеттері болып табылады.